

БӨЛІМ: ДЕФЕКТОЛОГИЯ

Дефектолог мамандығы - ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды заманауи әлеуетке бейімдейтін мамандық

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/25598/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мырзахметова Мөлдір

Үш қасиет- кең көлемді білім, ойлай білу және

қайырымдылық сезім- адамның шын

мағынасындағы білімді болуы үшін қажет.

Н.Г. Чернышевский

Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашып, ержеткеннен кейін, тұлға болып қалыптасу үшін өмірден өз орнын табуға тиіс. Абай Хәкім айтқандай «Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан»- деді емеспе. Осындай ғылым- білім, жаңа технология дамыған кезеңде әр сала бойынша ұстаздар мамандық иесі болуға жылдан- жылға жаңа мамандар дайындау үстінде. Мамандықты дұрыс таңдау – өмір жолындағы ең басты айшықты қадам. Жауапкершілікті керек етер бірден- бір маңызды, дұрыс шешім шығара білуді талап ететін күрделі де күрмеуі көп адам өміріндегі шоқтығы биік, сан- қырлары бар, ерігіне бой алдырып, өз қалауыңмен өз таңдауыңды жасайтын кезең болып табылады. Біз мамандық таңдар алдында адам өзінің ішкі жан дүниесін бағып көруі керек дегіміз келеді. Себебі әр баланың бір салаға жақын екендігін білдіретін бойында бейімдігі басым болады. Тамырың қайсыған иіледі, қай мамандықты сүйесің соған қарай бүйрек бұру қажет. Егер сен өз меңгерген салаңды сүйсең сенен тамаша маман шығатынына біз кәміл сенімдіміз.

Бақыт..... Бақыт ол – әр адамның өз жақындарының әрқашан жанынан табылуы, сүйікті мамандығының болуы. Біздің ойымызша дені сау адам да ерекше қамқорлықты қажет ететін жан да сүйікті ісі арқылы өмірде өз орнын табады. Ал, біз өзімізді бақытты

жандармыз деген ойдамыз. Өз жүрек қалауымызбен мамандық таңдадық, ол дефектология мамандығы. Қарапайым халық дефектологын десең түсінбей жатады. Дефектология мамандығы, яғни дефектология ғылымы — мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту мен тәрбиелеумен айналысады. Тағдырдың тәлкегіне түсіп, өмір атты асау арғымақтың тулауына шарасыздан көніп, пешенесіне жазылған жазуға еріксіз байланған ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға қол ұшын берер мейірбандыққа ұмтылған салаға таңдауымыз түсіп, өмір жолымызды, бар күш-қайратымызды арнауға білек сыбанып, бел буып отырмыз. Он екі мүшенің сау болғаны ол да бір бақыт. Бала Жамбыл айтқандай «тәңірден келген тәтті сый деуге де болады». Әр адам өзінің бойындағы қасиеті мен мүмкіндігін одан ары дамыта білуі қажет. Осы мүмкіндігі шектеулі жандарға қиындыққа мойымай заманауи әлеуетке бейімделуге, өмірге құштарлығын арттыруға, өмір туралы көзқарасын өзгертуге, болашағына бағыт-бағдар берер бірден-бір себепкер болатын жандар дефектолог мамандар. Дефектология мамандығы адамдардың жанын емдейтін, өмір туралы сауаттылығын арттыратын, қоғамға бейімдейтін, жүректеріне үміт отын ұялататын мамандық.

Қазіргі заманда әлемдік жаһанданудағы қоғамда, ондағы қарым- қатынастар да біршама өзгеріске ұшыраған. Соған байланысты жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында ғана ғылым болып қалыптасқан «Дефектология» мамандығы әлеуметтік ортада өз орнымен маңыздылығы бойынша айқындалып үлгерді. Дефектология жас ғылымдардың қатарында, соған қарамастан бұл ғылымның көптеген жаңалықтары бар. Осыдан бірнеше жыл бұрын арнайы мектептер жүйесі орын алған. Әр баланың даму деңгейін, дене кемістігін есепке ала отырып сегіз типті мектептер жүйесіне бөлген. Қазіргі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің қоғамдық ортаға қажеттілігін сезіну үшін, өмірге құштарлығын ояту, басқа балалармен тең дәрежеде екенін көрсете білу мақсатында инклюзивті білім беру бағдарламасы ұсынылып отыр. Осы бағдарламаны нәтижелі жүргізсек бұл балалардың өмірге деген көзқарасын өзгертуге, олардың қоғамға деген қажеттілігін білдіретін, өз-өзіне деген сенімділікті арттыра түседі. Бұл бағыт заманауи әлеуетке бейімдеудің бір жолы болды. Тағы бір жолы арнайы мектептерде кәсіби бағытталған пәндер болып отыр. Елбасымыз осы мүмкіндігі шектеулі жандарға, олардың қоғамдық ортаға бейімделуі үшін Қазақстанның әр қалаларында вакансия, қамқорлық көрсету шараларын ұйымдастыруды мақсат етті. Соған байланысты әр өңірде вакансия, яғни жұмыс беру жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Ал, Талдықорған қаласының белгілі бизнесмені Нарынбек мырза «Қамқор» балалар үйінің тәрбиеленушілерін көктемнің алғашқы күнімен құттықтап, балаларды Талдықорған қаласының ішінде мерекені экскурсиямен бастап, ойын- сауық кешімен аяқтады. Бұл мүмкіндігі шектеулі балалар үшін есте қаларлықтай ерекше күн болды. Нарынбек мырза сөзінің соңында осындай тамаша жандар үшін көмек беру қажеттігін атап кетті. Мұндай іс-шараларды жиі өткізіп тұруды, басқада бизнесмендерді қол ұшын беруге шақырды. Мүмкіндігі шектеулі жандар «Нұр Отан Халықтық- демократиялық»

партиясының мүшесі ретінде қабылданды. Осы шаралардың барлығы ерекше қамқорлықты қажет ететін жандардың өмірге деген құлшынысын арттыру, көзқарасын өзгерту, бейімдеу, қоғамның бұл жандарға өзімен тең дәрежедегі адамдар екенін көрсету мақсатында жүргізіліп отыр.

Бұрын мұндай жандарды кемсітіп, сайқы-мазаққа айналдырса, қазіргі уақытта ерекше қамқорлықты қажет ететін мұндай балаларға ерекше көңіл бөліп, қалыпты адам қатарына қосып, сый-құрмет көрсететін болды. Біз өз тарапымыздан осындай ерекше жандарға, олардың бейімделуіне өз үлесімізді қоссақ дейміз. Дефектология ғылымының одан әрі өркендеуі осы жас дефектолог мамандарының қолында. Бұл ғылымның ашылмаған сырлары өте көп, осы сырларды біздің ашқанымыз жөн болар. Сондықтанда әр дефектолог маман өз мойнында қандай ауыр жауапкершіліктің тұрғанын ұмытпағаны жөн болар. Біз адам баласын ең қиын өмір жолында дұрыс жол сілтеп, қателікке бой алдырмауымыз керек. Бұл балаларға бар күш-жігер, ынтымақты жұмсап Қазақстан Республикасының жақсы азаматы етіп тәрбиелеп шығу біздің мақсатымыздың бірі екенін ұмытпағанымыз дұрыс.

Сөзіміздің соңын Шығыс Қазақстан өңірінің тумасы Мейіржан Әлібековтың «Тәубеңе кел» атты өлеңімен аяқтасақ :

Ардан биік секілденіп арманың,
Таудай биік секілденіп талғамың.
Пенделікпен ұмытасың тәубеңді,
Сынағына шыдай алмай Алланың.

Ай мен күнге өптірі кеп шекеңді,
Көлгірсисың көрмедім деп шетелді.
Тәубәңе кел шетел тұрмақ зағиптар,
Көре алмайды өзі туған мекенді.

Қошеметті көрмесеңіз несі бар,
Бар жағдайды ақиқатпен шешіп ал.
Жылы сөзді естімеген кезіңде,
Керең болып туғандарды есіңе ал.

Тәубәңә кел пенде болсаң несі бар,
Бар жағдайды ақылыңмен шешіп ал.
Дүниеге қолың жетпей қалғанда,
Қос қолы жоқ пенделерді есіңе ал.

Бақыт мәңгі тұрсын десең басыңда,
Қанағат қыл, ашуланба, тасынба.
Көлігім жоқ деп ренжуің бекерлік,
Аяғы жоқ адамдардың қасында.

Әрқашанда төрге озғын кеп төтеден,
Тым болмаса айтпадым деп екі өлең.
Ақын болып тумадым деп налысың,
Мылқау болып туғаныңда нетер ең.

Құлақ түріп әркім айтқан пікірге,
Бой ұрасың әрқашанда күпірге.
Тау мен тасқа соға бермей шекеңді,
Аман-есен жүргеніңе шүкір де.

Пенде болған соң пендешілігіміз басып, көптеген қателіктерге бой алдырып жатамыз. Дегенмен он екі мүшеміз сау бола тұра кейде кәлимамыздан жаңылып, тәубешілігімізді ұмытып кетеміз. Осындай өмір белестерінде соқтықпалы соқпақсыз жолда келе жатқан мүмкіндігі шектеулі жандарға қарап ойланып, сонда

ғана тәубемізге кеп, шүкіршілік айтамыз. Қысқа ғана қамшының сабындай өмірімізді бақытты етіп, басқа да жандарға бақыт сыйлап, мүмкіндігінше қамқорлық көрсетіп өтейік, ағайындар!

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.